

**Балаларға қосымша білім беру ұйымдары
педагогтарының біліктілігін арттыру курстарының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«Қосымша білім беру ұйымдарындағы экология-биология
бағытының негізгі құзыреттіліктерін тиімді
қалыптастырудың заманауи технологиялары»
(72 сағат)**

Түсініктеме хат

12 жылдық білімге көшудегі қазіргі заманғы қосымша білім беру жүйесін дамытудың негізгі үрдісі – оны жалпы орта біліммен ықпалдасатын жалпы білім кеңістігін құру.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қосымша білім беру желісін дамыту және мазмұнын жетілдіру көзделген. Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытудың нәтижесі бірқатар ұйымдастырушылық, кадрлық, ғылыми, әдістемелік-бағдарламалық, материалдық-техникалық мәселелерді шешуге байланысты.

Қазіргі заманда балаларға қосымша білім берудің негізгі мақсаты білім алушылардың бас құзыреттіліктерін: оқу-танымдық, ақпараттық, жалпымәдени және т.б. қалыптастыру болып саналады. Құзыреттілік тәсіл жағдайындағы білім берудің мақсаты – бар білімі мен біліктілігін қолдана отырып, әртүрлі мәселелерді өздігінен шешуге қабілетті интеллектуалды, физикалық және рухани дамыған азаматты қалыптастыру. Бұл ретте балаларға қосымша білім берудің жүйесі кең ауқымды мүмкіндіктерге ие, атап айтқанда биологиялық-экологиялық бағыты (балалар экологиялық орталықтары, жас натуралистер стансалары, биологиялық-экологиялық білім беру кешендері).

Экологиялық-биологиялық бағытындағы педагогтің қызметі қазіргі заман жағдайына сай ерекше күш салуды талап етеді, себебі ол ғылыми-әдістемелік жоспарда лайықты дайындығы болуы, білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын жүргізе алуы, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларға бағдарлануы шарт.

Экология-биология бағыты бойынша балаларға қосымша білім беру ұйымдары педагогтарының біліктілігін арттыруға ұсынылған бағдарлама қосымша білім берудің экология-биология бағытының алдағы жетілуі мен дамуына қатысты блоктық-модульдік тәсіліне негізделген бір топ мәселені құрайды.

Жалпы бағдарлама көлемі – 72 академиялық сағат. Бағдарлама 4 оқу модулінен құралған.

Сабақ Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында теориялық және практикалық жұмыс тәжірибесімен танысу, өздік жұмыс пен

жобаларды қорғау түріндегі дәріс және практикалық сабақтар түрінде өткізіледі.

Оқу бағдарламасы 4 негізгі модульден тұрады.

Нормативтікқұқықтық модуль курс тыңдаушыларына қазақстандық білімнің жаңғыру бағыттарын, қосымша білім берудің нормативтік құқықтық базасының жаңару мәселелерін, жаңа ұрпақ бағдарламасының жасалуы ашып көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық модуль балалардың психологиялық-педагогикалық жұмыс істеуі бойынша педагогикалық білімін жетілдіруді қарастырады.

Теориялық-технологиялық модуль құзыреттілікке бағдарланған білім беруге көшу жағдайындағы педагогикалық қызметті жетілдіруді қарастырады.

Бағдарламаның **тәжірибеге бағдарлау модулі** бала тұлғасының дамуына бағытталған тәрбие және білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға мүмкіндік туғызатын негізгі педагогикалық технологияларды, сондай-ақ инновациялық білім беру технологияларын енгізуді ашып көрсетеді.

Мақсатты топтардың сипаттамасы: экология-биология бағытындағы қосымша білім берудің педагогтері.

Курсты өткізудің негізгі түрлері: дәрістер, семинарлар, практикумдар, шығармашылық шеберханалар, экскурсиялар, тренингтер болып табылады.

Курстың мақсаты:

- балаларға қосымша білім беру жаңашылдығының негізгі бағыттары бойынша қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері мен әдіскерлерінің біліктіліктерін арттыру.

Курс міндеттері:

- қосымша білім беру жүйесіндегі заңнамалық, нормативтік-құқықтық базаны жаңарту жөнінде;

- құзыреттілік тәсіл негізінде білім беру мазмұнының жаңаруы жөнінде;

- экологиялық-биологиялық білім беруде қазіргі білім беру технологияларының әдістемелік және теориялық білімдерін жетілдіру;

- экологиялық-биологиялық қызметі жағдайында әртүрлі тәрбие түрлеріндегі ықпалдастық әдістің дағдыларын меңгеру;

- қосымша білім беруде нақты оқу тәртібі, оқу курсы контексіндегі педагогикалық қызметтің жеке компоненттерін және тұтас білім беру (тәрбие) үрдісін жобалау.

Модульдың мазмұны

	Модульдың атауы	Сағат саны	Түрі	
			Дәріс	тәжірибе
1.	НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ	8	8	0
1.1.	Кіріспе. Курстың жалпы сипаттамасы	2	2	0
1.2.	Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызметін реттеудің заңнамалары мен нормативтік құқықтық негіздері	2	2	0
1.3.	Экологияның қазіргі замандағы мәселелері. Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі үздіксіз экологиялық білім беруді жүзеге асырудың негізгі бағыттары	4	4	0
2.	ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДУЛЬ	6	4	2
2.1.	Балаларға қосымша білім беру ұйымдарындағы білім беру үдерісінің психология-педагогикалық бақылап отыратын негізгі бағыттары	2	2	0
2.2.	Дарындылықтың психология-педагогикалық ерекшеліктері	4	2	2
3.	ТЕОРИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	20	10	10
3.1.	Мектептен тыс ұйым - қосымша білім беру ұйымының инновациялық моделі мен білім беру мекемелерімен байланыстағы ресурстық орталық	2	0	2
3.2.	Қосымша білім беруде оқу бағдарламасын әзірлеу технологиясы	2	0	2
3.3.	Заманауи кезеңде тәрбиелік іс-шараларды дайындау мен өткізудегі әдістемелік қамтамасыз етудің рөлі	4	2	2
3.4.	Қосымша білім беруде заманауи педагогикалық технологиялардың түрлері мен әдістері, олардың іске асырылуы	2	2	0
3.5.	Балаларға қосымша білім беру жүйесінде ақпараттық және білім беру технологияларын оқытудағы инновациялар	4	2	2
3.6.	Қосымша білім беру жағдайында білім алушылар тұлғасының әлеуметтенуі	2	2	0
3.7.	Қосымша білім беру жүйесінде денсаулық сақтау технологиялары: инновациялық тәсілдер	4	2	2
4.	ТӘЖІРИБЕГЕ БАҒДАРЛАУ МОДУЛЫ	39	3	36
4.1.	Педагогикалық шеберхана: «Қоршаған ортаның антропогендік ластануын анықтау. Топырақ пен су нысандарының экологиялық жағдайын бағалау»	4	0	4
4.2.	Педагогикалық шеберхана: Орнитофаунаның мониторингтік зерттеулері	2	0	2

4.3.	Шеберлік сынып: «Интерактивті әдістер мен дидактикалық материалдар – білім алушыларды белсендіретін, ерекше тәрбие шарттарын талап ететін құрал»	2	0	2
4.4.	Шеберлік сынып: «Сын тұрғысынан ойлау – құзыреттілік оқытуға бағытталған технология»	2	0	2
4.5.	Орталықтың биологиялық бөлімдерінің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен экологиялық білімді насихаттаудағы ғылыми-танымдық рөлі	2	0	2
4.6.	Экскурсиялық-білім беру бағдарламасы: «Семей өңірінің табиғи зоналары»	8	0	8
4.7.	Табиғи нысандарды пайдалану экскурсиясы – білім алушылардың негізгі және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытудың бірегей түрі	4	0	4
4.8.	Білім алушылардың экспедициясымен ғылыми ұйымдастырулар - дарынды балалармен жұмыс құралы	2	0	2
4.9.	Практикум: «Тәжірибелік, зерттеушілік жұмыстар қойылымы мен фенологиялық бақылаулар– білім алушылардың пәндік және экологиялық құзыреттілікті қалыптастырудың құралы»	2	0	2
4.10.	Шығармашылық шеберхана:«Табиғи шеберханалар – бала қабілеттерін дамытудағы тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асырудың түрі»	2	0	2
4.11.	Қосымша білім беру педагогі кәсіби қызметін әдістемелік сүйемелдеудің мәні	2	0	2
4.12.	Қосымша білім беру педагогінің оқу-әдістемелік кешені – түпкі нәтиже жетістігінің негізі	2	0	2
4.13.	Жоба қорғау: « Қосымша білім беру ұйымдарындағы экология-биология бағытының негізгі құзыреттіліктерін тиімді қалыптастырудың заманауи технологиялары»	4	0	4
		72	22	50

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007 ж.)
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы
4. Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын, сондай-ақ мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 07 тамыздағы № 323 бұйрығы
5. Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013ж. 17 мамырдағы №499 заңымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»
7. Қосымша білім берудің экологиялық-биологиялық бағыты бойынша білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту(әдістемелік ұсынымдар) – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2014 жыл - 80 б.
8. Қазақстан Республикасының қосымша білім беру ұйымдары жүйесінде балаларға әлеуметтік тәрбие берудің жаңа бағыттары (әдістемелік нұсқаулар) – РМҚК «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» (РҚБОӘО) – Астана, 2013 жыл, - 128 б.
9. Қосымша білім беру жүйесіндегі білім алушылардың кәсіби бағыттылығын, бейімділіктерін, қызығушылықтарын және мотивтерін қамтамасыз ету бойынша әдістемелік нұсқаулар –Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК – Астана, 2013 жыл, - 128 бет.